

ШӨМЕКЕЙ

Шөмекей руының да тарихы едәуір ертеден келеді деп санау керек. Н. Аристов пен Г. Грумм-Гржимайло шығыс деректемелері негізінде оларды VI ғасырда Барлық пен ТяньШань арасында мекендеген, шу тайпаларына жатқан чумугунь тайпасының ұрпақтары деп санайды. Өкінішке қарай, бізде бұл рудың тарихы жөнінде қандай да болсын басқа бір деректер жоқ, сөндықтан Н. А. Аристовтың болжамын қабылдаймыз. Шөмекей руы туралы алғашқы айық мәліметтер орыс деректемелерінде бар және XVIII ғасырдың Шөмекей руы туралы келесі мағлұмат П. И. Рычковта бар, ол бұларды «осы ордадағы аса атақтылар» деп санаған.

Чумугунь тайпасының VIVII ғасырларда дулаттардың (Ұлы жүз) атабабасы болған дулу тайпалар одағына кіргені мәлім, алайда шөмекей руының таңба белгілері де, ұраны да олардың туыстығын дәлелдемейді. Сонымен бірге шөмекейлердің негізгі таңбасы (Λ) (Аманжолов бойынша) немесе ∇ (Гродеков пен Тынышбаев бойынша) жалпы алшындардың Λ таңбасына (әсіресе біріншісі) ұқсас. Бұл шөмекей руының алшындар құрамына ерте кезден енгенін дәлелдейді. Осыған байланысты бұл рудың шыққан тегі туралы А. Левшиннің біршама аңғал түсінігі ықылас қоярлық. Ол былай деп жазады: «Кіші орданың шөмекей руы бұрып қырғызқазақтарға жатпаған... өз атауын олар Шыңғыспен жауласқан кезде одан бөлініп шығып, өзін жақтаушылармен бірге қазір Орта орда алып жатқан жерге келген өз ханы Шөмекейден алған деп санайды. Оның ұрпағы АюСырым Сарысу өзенінің төңірегіне ие болып алып, өзінің жалғыз мұрагер қызын Әлімиң (Әлімұлы ұрпағының бабасы) ұлыпа күйеуге берген, содаи барып оның бодандары қырғызқазақтармен біріккен».

Шөмекей руының басқа бір таңбасы \succ (И Мемср мен Аманжолов бойынша), біздің төмеіде көретініміздеті, Кіші жүздің Қаракесек руының таңбасына жақын. Шөмекей руының ұраны Дейт (Гродеков, Тынышбаев және Аманжолов бойынша).

М. Тынышбаев жазып алған шежіре мен ел арасынан жиналған мәліметтердің деректері бойынша, Шөмекей руының көнек, тоқа, аспан және бозғұл деген төрт гармағы бар. Т. А. Жданко келтірген аңыздарға қарағанда, біз қарақалпақтар арасынан Шөмекей руынан шыққан, ашпа, құйын, әйтеке және шеруші руларының бабасы болған Тәңке есімді көсемінің бар екенін көреміз.

Жоғарыда біз шөмекей рулары таңбаларының бірі, атан айтқанда, \succ таңбасы қаракесек руының таңбасына ұқсас дедік. Бізге белгілі тарихи әдебиеттерде Кіші жүзге кіретін Қаракесек руы туралы мәліметтер жоқ. Сонымен бірге Орта жүзде аса ірі тайпалардың бірі (арғын) құрамында Қаракесек руы бар. Кіші жүздің Қаракесек руының өкілдері Орта жүздің қаракесектеріне туыс деп жорамалдауға болады. Кезінде Н. А. Аристов та осындай пікір айтқай. Кіші жүз қаракесектерінің таңбасы- Λ